



«SKILLS ACADEMY» ЖШС
ТОО «SKILLS ACADEMY»

050060 Алматы қ-сы, Бостандық ауд-ы,
Абай даңғылы 143/93 офис 523
Тел: 8 727 229 63 69; 8700 978 59 22
e-mail: skillsacademy.kz@mail.ru

050060 г.Алматы, Бостандыкский р-н,
проспект Абая 143/93, офис 523
Тел: 8 727 229 63 69; 8700 978 59 22
e-mail: skillsacademy.kz@mail.ru

«SKILLS ACADEMY» ЖШС
Қазақстан Республикасы
Алматы қ-сы, индекс 050060
Бостандық ауданы,
Гагарин 135 үй, 27 пәтер
Шығыс
№ 04
25.01.2018

Облыстық, аудандық, қалалық білім
басқармаларына, жалпы білім
беретін мекеме басшыларына

«SKILLS ACADEMY» мекемесі мен ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының «Үздік қазақ тілді білім сайты» сыйлығының жеңімпазы **martebe.kz** білім сайты біріге отырып, жалпы білім беретін мекеме оқушылары арасында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын насихаттау мақсатында «ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ҚҰЛАГЕРІ» атты ІІ республикалық байқауын жариялайды. Байқаудың ақпараттық демеушісі – **Martebe.kz** республикалық білім сайты. Байқау жеңімпаздары www.martebe.kz сайтында жарияланады.

Байқаудың мақсаты: оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету.

Қатысушы үміткерлердің жұмыстары **1 ақпан мен 28 ақпан** аралығында **mukagali_murageri@mail.ru** электронды почтасына қабылданады. Байқау шарттары туралы ақпаратты білім бөлімінің басшыларына, мектеп директорлары мен директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасарлары және мектеп оқушыларының назарына жеткізуді сұраймыз.

Директор:



Төлеген Б.З.

Орындаушы: А.З.Сабирова
87759988387; 8(727)2296369

«ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ҚҰЛАГЕРІ» II республикалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Байқаудың мақсаты

- Республикалық жалпы білім беретін мекеме оқушылары арасында Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын насихаттау;
- Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау;
- Жас ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсетіп, олармен шығармашылық жұмыс түрлерін жандандыру.
-

2. Байқаудың өту тәртібі

- Байқауды өткізу және ұйымдастыру ісімен ұйымдастыру алқасы айналысады. Ұйымдастырушы қатысушыларды тіркеуді, жұмыстарды сараптауды, қорытынды шығаруды, марапаттауды жүзеге асырады.
- Байқаудың жеңімпаздарын анықтау үшін әдебиет саласының өкілдерінен тұратын арнайы әділ-қазылар алқасы құрылады.
- Әділ қазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды.
- Байқауға жіберілген материалдар мен жұмыстар кері қайтарылмайды.
- Байқаудың марапаттау рәсімі жеңімпаздар анықталған уақыттан кейін 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
- Байқауға барлық мектеп оқушылары қатыса алады.
- Жас ерекшеліктері:
1-4 сыныптар;
5-8 сыныптар;
9-11 сыныптар аралығында.

3. Байқау тапсырмалары

❖ **«Қара өлеңнің құлагері»** атты жас ақындар номинациясы;

Оқушылар арасындағы сұлу сөзді серік еткен жас ақындар байқауы. Номинацияда қатысушы ақынның болмысы, шығармашылығы, өмірі жайында авторлық өлеңдерін ұсынады. Әділ қазы алқалары қорытынды шығарарда авторлық өлеңдердің стилистикалық байланысына, логикалық құрылымына, ұйқас ерекшелігіне басты назар аударады.

❖ **«Жақсы сөзім – жаны игі халқым үшін»** атты эссе номинациясы;

М. Мақатаевтың шығармашылығы, өмірі, оқырманымен арасындағы рухани байланысын суреттейтін эссе конкурсы. Эссе келесі бөлімдерден құрылуы тиіс: титул парағы, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Текст көлемі – 2-3 бет басылған парақ (Times New Roman, 14 шрифт, 1,5 интервал).

Бағалаудың негізгі критерийлері: тақырыптың маңыздылығы мен толығымен ашылуы, идея түпнұсқалығы, ойдың дербестігі, оқырманға эмоционалды әсері.

❖ **«... Қасиетіңнен қара өлең, айналайын»** атты көркем сөз номинациясы;

М. Мақатаевтың шығармашылығынан бір өлеңді мәнерлеп оқу. Конкурсқа қатысушы ақынның бір өлеңін таңдап, аудио және видео нұсқада жолдайды. Әділ қазы алқалары қорытынды шығарарда оқушының мәнерлеп оқу шеберлігіне, дикциясына, дауыс бояуына, әртістік қабілетіне ерекше мән береді. Оқушы ақынның кез-келген шығармашылығынан таңдай алады (ақын күнделігінен үзінді, проза, поэзия). Аудио және видео ұзақтығы 5 минуттан аспауы тиіс;

Ескерту: интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Бір оқушы бір ғана номинация бойынша қатыса алады.

2-қосымша

4. Байқаудың марапаттау рәсімі

Бас жүлде – диплом, байқау жеңімпазы үшін арнайы тағайындалған кубок, ақынның кітабы.

I орын – диплом, «Мұқағали мұрагері» төс белгісі, куәлік

II орын – диплом, «Мұқағали мұрагері» төс белгісі, куәлік

III орын – диплом, «Мұқағали мұрагері» төс белгісі, куәлік

«Қара өлеңнің кұлагері» атты жас ақындар номинациясының дипломы, ақынның кітабы.

«Жақсы сөзім – жаны игі халқым үшін» атты эссе номинациясының дипломы, ақынның кітабы.

«... Қасиетіңнен қара өлең, айналайын» атты көркем сөз номинациясының дипломы, ақынның кітабы.

Барлық қатысушылар мақтау грамоталарымен және жетекшілер арнайы алғыс хаттармен марапатталады.

Байқауға қатысу құны – 2500 тг. Төлем квитанциясының көшірмесі тапсырмамен бірге жіберілуі тиіс. Байқау жеңімпаздарының жұмыстары **Martebe.kz** білім сайтында жарияланады және марапаттау әр номинация және жас ерекшеліктеріне бойынша жүзеге асырылады.

Қатысу жарнасын **QIWI** терминал арқылы төлеуге болады. **8700 978 59 22** номеріне «кошелёкті толтыру» батырмасы арқылы «Аты-жөніңізді» жазып, төлем жасайсыз.

Біздің реквизит:

Банк атауы: «Банк Kassa Nova» АҚ; БИК: KSNVKZKA

Өткізуші мекеме атауы: «SKILLS ACADEMY» ЖШС

БИН/ИИН: 161240000269

KZ55551A127001275KZT

Кбе 17

КНП 859

Төлем мақсаты: Республикалық М.Мақатаев оқулары байқауына қатысу үшін.

Қатысу үшін төлем жасау жөнінде және байқауға қатысты туындаған сұрақтар бойынша қосымша ақпарат алу телефоны:

8775-998-83-87; 8700-978-59-22

3-қосымша

Өтініш беру үлгісі

«ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ҚҰЛАГЕРІ» атты II республикалық байқауына қатысу туралы өтініш

Оқушының аты – жөні	
Сыныбы	
Мектеп атауы, мекен – жайы, индексі <i>міндетті</i>	
Жетекшісінің аты-жөні	
Эл. поштасы	
Байланыс номері	

Ескерту! Өтініш word нұсқасында жіберілуі керек.

Өтініштің қате толтырылғаны үшін ұйымдастырушылар жауап бермейді.

Мекен-жай толық қатесіз толтырылуы тиіс. Себебі жеңімпаздар марапаты көрсетілген мекен-жайға жіберіледі.

